



## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2019 жылғы 26 тамыз

### 2019 жылғы 16 тамыз – 23 тамыз аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу<sup>1</sup>

23 тамыздағы сауда-саттық қорытындылары бойынша **теңгенің нарықтық бағамы** бір аптада 0,1%-ға нығайып (386,82-ден), бір АҚШ доллары үшін 386,34 теңге деңгейінде қалыптасты.

Сыртқы валюта нарығында 2019 жылғы 16 тамыз 23 тамыз аралығындағы кезеңде ҚХР-дың \$75 млрд. сомаға АҚШ тауарларының импортына баждар енгізу туралы хабарлауы, АҚШ ФРЖ басшысы Д.Пауэллдің экономиканың өсуін қолдау үшін іс-әрекет жасауға әзірлігі туралы мәлімдеген сөзі, АҚШ Президентінің жалпы құны \$300 млрд. құрайтын Қытай тауарларына баждарды 1 қыркүйектен бастап 10%-дан 15%-ға дейін, ал 1 қазаннан бастап құны \$250 млрд. болатын Қытай тауарларына баждардың 25%-дан 30%-ға дейін өсіру туралы ҚХР-ға қарсы жауап шараларын енгізу шешімі болды.

Аталған факторлар дамыған елдер валютасымен салыстырғанда АҚШ доллары бағамының әлсіреуіне әкелді.

Дамушы елдердің валюталарының<sup>1</sup> АҚШ долларына қатысты бағамдарының серпіні былайша қалыптасты:

- **Ресей рублі** салық кезеңінің және РФ Қаржы министрлігінің сұраныс 66,3 млрд. рубль болғанда 25,3 млрд. рубльге ФҚО табысты орналастыруы аясында 0,7%-ға (66,51-ден 66,05-ке дейін) нығайды;

- **Оңтүстік Африка ранды** шілдеде инфляция қарқыны 2019 жылғы қаңтардан бастап ең төменгі көрсеткіш - 4%-а дейін төмендеуі туралы деректердің шығуына байланысты баяулаған экономиканы ынталандыру шараларымен қолдау мүмкіндігі туралы нық сенімнің аясында 0,4%-ға (15,31-ден 15,25-ке дейін) нығайды;

- **Индонезия рупиясы** бюджет дефициті бойынша 1,76%-дық неғұрлым төмен деңгей белгілей отырып (2019 жылы 1,93%), 2020 жылы экономикаға фискалдық ынталандыру ұсыну бойынша Үкіметтің жоспары аясында 0,2%-ға (14 240-тан 14 215-ке дейін) нығайды. ОБ негізгі мөлшерлемені 5,5%-ға дейін төмендетті.

- **үнді рупиясы** капиталдың әкетілуі, Қытай юанының әлсіреуі және дамушы елдер нарықтарындағы құбылмалылықтың өсуі аясында 0,7%-ға (71,16-ден 71, 67-ге дейін) әлсіреді;



- **Мексика песосы** ҚХР мен АҚШ арасындағы сауда-саттық қатынастардағы шиеленістің және 2019 жылғы 2-тоқсанда ІЖӨ-нің нөлдік өсуі туралы деректердің шығуы аясында 1,3%-ға (19,66-ден 19,92-ге дейін) әлсіреді.

---



<sup>1</sup> АҚШ долларына қатысты көлемдер тұрғысынан неғұрлым көп сатылатын дамушы елдердің валюталары

- **Бразилия реалы** ҚХР мен АҚШ арасындағы тауарларға жаңа баждармен алмасу аясында 2,7%-ға (4,01-ден 4,12-ге дейін) әлсіреді. Франция Президенті Бразилия Президентінің климаттың өзгеруіне қарсы күрес саласындағы міндеттемелерді орындамауына байланысты (Амазония ормандарындағы өрттер) ЕО-ның МЕРКОСУР-мен келісіміне (Аргентина, Бразилия, Уругвай, Парагвай және Венесуэла арасындағы экономикалық және саяси келісім) қарсы шықты;

- **түрік лирасы** орталық банктің іс-әрекеттері және Сириядағы ахуал туралы қауіптену аясында 3,2%-ға (5,58-ден 5,76-ға дейін) әлсіреді. Кредиттеудің өсу қарқыны 10-20% болатын банктер үшін ОБ резервтер нормаларын 2%-ға дейін азайтты, резервтер нормаларын азайту нарықты қосымша өтімділікпен қамтамасыз етеді. Түркияның солтүстік-батысында түрік күзет жасағына шабуыл жасалды.



**Дамушы елдер валюталарының серпіні (2019 жылғы 9 тамыз = 100,  
индекстің өсуі – валютаның нығаюы)**



Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мынадай телефон бойынша алуына болады:  
 +7 (727) 2704 591 (1452, 5556)  
 e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)  
[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)